АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ЦИФРОВЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

_____№_____
Ақтөбе қаласы

город Актобе

2025 жылғы «8» қаңтар **№ 4-нқ**

Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII ҚРЗ Заңына *(бұдан әрі – Заң)* және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. **«Парус-КАЗ.Бюджет» бағдарламалық өнімінің орнатылған данасына сүйемелдеу қызметтері»** жобасы бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес *(Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: ... егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу)* тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты деректерді басқару бөлімінің бас маманы Жансая Нурлыбаевна Сенгирбаевамен:

1) Заңның 5-бабына сәйкес, көзделген мемлекеттік сатып алу процестерінің қағидаларын сақтай отырып, Өнім беруші айқындалсын;

2) Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасы жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы **Ә.Б. Отарбаев**

000694